

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және  
Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы бірлескен кәсіпорындар, өндірістік  
бірлестіктер құру жөніндегі көмек көрсету туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 шілде N 1158

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 14 наурызда Бішкек қаласында жасалған Қазақстан  
Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан  
Республикасының Үкіметі арасындағы бірлескен кәсіпорындар, өндірістік бірлестіктер  
құру жөніндегі көмек көрсету туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі  
және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасында бірлескен кәсіпорындар,  
өндірістік бірлестіктер құру жөніндегі көмек ету туралы

#### КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз  
Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі Қазақстан  
Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбек Республикасы арасында бірыңғай  
экономикалық қеңістік құру туралы шартты басшылыққа ала отырып, Қазақстан  
Республикасының, Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының тен  
құқықтық, мемлекеттік егемендігі мен өзара тиімділік негізінде ортақ  
ғылыми-техникалық және гуманитарлық қеңістік құру мақсатында:

- тен құқықтық және өзара тиімді сауда-экономикалық, ғылыми-өндірістік және  
гуманитарлық қарым-қатынастарды одан әрі нығайту және дамыту; үш мемлекеттің  
мұддесі мен олардың халықтарының әл-ауқатын көтеруде оларға ұзақ мерзімді және  
түрақты сипат беру қажеттілігінен шыға отырып;
- экономикалық реформалар өткізуі, экономиканы құрылымдық қайта құруды, үш  
елдің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы нарықтық қарым-қатынастарды  
дамыту үшін қолайлар жағдайлар жасауды маңызды деп есептей отырып;

- кәсіпорындар, ұйымдар мен басқа нарықтық субъектілер арасында жана сапалы негізде дәстүрлі шаруашылық, ғылыми-техникалық және өндірістік-технологиялық байланыстарды дамытуға, үш мемлекеттің ұлттық экономикаларын тұрақтандыру мен көтеру, экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану жөніндегі өзара қомекті жандандыруға ұмтыла отырып;

төмендегілерге келісті:

#### 1-бап

Тараптар басым салаларда бірлескен кәсіпорындар, өндірістік бірлестіктер құруға қомектесетін болады.

Әрбір Тарап басқа Тараптың мұдделеріне зиян келтіретін әрекеттерден тартынады, үш елдің шаруашылық жүргізуі субъектілеріне ұзақ мерзімді негіздегі ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызады, ұлттық заңдарға сәйкес өз мемлекетінің аумағындағы басқа тарап мемлекеттерінің заңды және жеке тұлғаларының меншік құқықтарының танылуын және оларға қол сұғылмауын қамтамасыз етеді.

#### 2-бап

Бірлескен кәсіпорындар, өндірістік бірлестіктер меншік нысандарына қарамастан, Тараптардың ұлттық заңдарында көзделген тәртіппен шаруашылық жүргізуі субъектілердің капиталдарын біріктіру негізінде ұйымдастырушылық-құқықтық нысанды өзара белгілеу жолымен құрылатын болады.

#### 3-бап

Бірлескен кәсіпорындардың, өндірістік бірлестіктердің жарғылық қорын қатысуышылардың акциялары, материалдық және материалдық емес активтері құрайтын болады. Салымдарды, пайларды, акциялардың үлестерін бағалау тәртібі Тараптар арасында құрылтайшылық құжаттар негізінде белгіленеді.

#### 4-бап

Бірлескен кәсіпорындардың, өндірістік бірлестіктердің қатысуышыларының өзара қарым-қатынастары олардың орналасқан жерлеріне сәйкес белгіленеді. Бірлескен кәсіпорындар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес құрылады, іс-қимыл жасайды, тіркеледі.

#### 5-бап

Тараптар өндірістік, ғылыми-зерттеу, инвестициялық, сыртқы сауда қызметін қолдауды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды.

## 6-бап

Тараптар жұмысшы күшін коопeraçãoлау кезінде капиталдарын, тауарларды, қызмет көрсетудің орын ауыстыруына қатысты олардың зандарында және мемлекетаралық келісімдерінде көзделген салықтық және кедендік женілдіктердің жасалуына кепілдік береді.

## 7-бап

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және, егер Тараптар басқа шешім қабылдамаса, келесі бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады.

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылатын болады және оның күшіне енүі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы үшінші хабарды депозитарий алған сәттен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап Келісімге өзінің қатысуын бұл туралы депозитарийді шығуға

бір жыл бұрын жазбаша хабардар етумен тоқтата алады.

## 8-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімімен бөлек хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады. Аталған хаттамалар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және осы, Келісім сияқты тәртіппен күшіне енеді.

## 9-бап

Осы Келісімді түсіндірумен немесе қолданумен байланысты барлық даулы мәселелер Тараптардың консультациялары және келіссөздері жолымен шешіледі.

1997 жылғы 14 наурызда Бішкек қаласында орыс тілінде бір тұпнұсқалық данада жасалды.

Тұпнұсқалық дана оның расталған көшірмесін әрбір қатысушы мемлекетке жіберетін Қазақстан Республикасының, Қыргыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Атқарушы комитетінде сақталады.

Қазақстан Республикасы үшін

Қыргыз Республикасы үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК